





Бюджеттендіру




Нарықтық экономика елдерінің ұйымдарында жоспарлау мен бақылау үшін кеңінен пайдаланылатын басқарушылық есептің құралы бюджеттендіру болып табылады.

Бюджет – бұл жоспардың сан түрі, оны үйлестіруге және бақылауға арналған құрал. Бюджет жүйелері менеджерлерге қызметтің келешегін көруге және жағдайдың өзгеруіне дайындалуға көмектеседі. Бюджетте болашақтағы пайдаға, ақша қаражатының қозғалысы мен ұйымның қаржылық жай-күйіне қатысты болжамның қаржы аспектілері болады. Ұйымның бюджет жасау процесі бюджет циклы деп аталады. Бюджет циклына әдетте мынадай сатылар кіреді:

- 1. Жалпы ұйым мен оның бөлімшелерінің қызметін жоспарлау және ұжымдық жобалық ұсыныстарын біріктіру.*
- 2. Бюджеттің жобасын әзірлеу.*
- 3. Жоспардың нұсқаларын пысықтау, нақтылау енгізу.*
- 4. Кері байланыс пен өзгертін жағдайлардың есебін түпкілікті жоспарлау, жобалау.*



Негізгі бюджет өндірісті, сатуды, бөлі мен қаржыландыруды қамтиды. Бас бюджет – бұл менеджерлер әзірлеген қаржы бюджеттерінде қосылатын көрсеткіштер жүйесі арқылы болашақтағы уақыт кезеңіне (әдетте бір жылға) арналған операциялық және қаржы бюджеттерін жан-жақты көрсету. Бюджеттендіру – бұл қысқа мерзімді (жыл немесе ай) және ұзақ мерзімді жоспарлаудың ажырамас бөлігі.



Бюджеттердің түрлері. Бюджеттер бір жылдан бастап (немесе бір жылдан аз) он және одан астам жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Әдетте бюджеттендіру кезеңі бір жылды құрайды. Жылдық бюджет көбінесе тоқсандарға, ал бірінші тоқсан айларға бөлінеді. Жыл ішінде, мысалы, екінші тоқсанның соңында жаңа ақпараттың пайда болуына байланысты қалған тоқсандардың бюджеттері өзгереді.

Үздіксіз және сырғымалы бюджеттер кең қолданылады. Аталмыш бюджеттерде ай немесе тоқсанның аяқталу шамасына қарай бюджетке жаңа бюджет қосылады. Осылайша тұрақты он екі айлық жоспарлау қамтамасыз етіледі. Үздіксіз бюджеттендіру менеджерлерге босаңсуға мүрсат бермейді. Бюджеттендіру кезеңі бюджеттің деректері мен ұйымның қажеттілігіне орай таңдалады.

Кәсіпорындарда жылдық (негізгі) және сырғымалы бюджеттен басқа икемді бюджет (бұл туралы 8.4 параграфта баяндалады) пайдаланылады.



Операциялық бюджет, оның құрамы, жасау тәртібі.


Негізгі (жылдық) бюджет кейде операциялық және қаржы бюджетінен тұратын бас бюджет деп аталады. Негізгі бюджетте ұйымның жекелеген бюджеттері жинақталады. 8.2-суретте негізгі (бас) бюджеттің үлгілік құрылымы көрсетілген.

Бюджеттендіруде ең алдымен сату көлемі (сатудан түсетін түсім) болжанады. Өндірістік бағдарлама мен запастар сату көлеміне, ал сату көлемі ұйымның өндірістік қуатына байланысты.

Болжам өткен кезеңнің сату көлемі; экономикалық және өндірістік жағдайлар, халықтың табысының, жұмыспен қамтылу, бағалардың, өнімнің пайдалылық деңгейі; баға, жарнама, сапа саясаты, өндірістік қуат; нақты өнім түрлерін сатудың ұзақ мерзімді үрдістері сияқты факторлар талданғаннан кейін жоспарға айналады. Сату (өткізу) бағдарламасынан кейін өндіріс бағдарламасы мен даяр өнім запасының нормативтік деңгейі есептеледі. Өндірістік бағдарлама жоспарлы өнім көлемі мен запастардың қалдығының өзгеруіне тәуелді. Есеп өнім түрлерінің саны мен құны бойынша мына тәртіппен жасалады:

- 1. жоспарланған сату көлемі;*
- 2. кезең соңындағы даяр өнім запасының қалдығы;*
- 3. жалпы қажеттілік (1 ж+ 2 ж)*
- 4. кезеңнің басындағы даяр өнімнің қалдығы ;*
- 5. өндірістік бағдарлама (3 ж– 4ж)*





Бюджеттендірудің мәні болып, бюджеттің нақты көрсеткіштерінде жүзеге асырылған және бухгалтерлік есептің құрылғыларымен сәйкестендірілген нақты міндеттерді шешуге бағытталған, стратегиялық және тактикалық мақсаттардың шегінде, кәсіпорынның қызметін жоспарлау табылады. Қызмет барысында және есептілік кезеңінің аяқталғанынан кейін нақты көрсеткіштерді жоспарлы көрсеткіштермен салыстырмалы талдау іске асырылады, ауытқулар анықталады, олардың себептері талданады және сәйкес басқару шешімдері қабылданады



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ